

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№19 (088) ЖҰМА

31 мамыр 2024 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• ЖОЛДАУ: ЖАҢАРУ ЖОЛДАРЫ

ОҢ БАСТАМА, СЕҢІМДІ ҚАДАМ

2023 жылдың Қыркүйек айының 1-інде Парламент палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты халыққа кезекті Жолдауын жасады.

Жолдауда белгіленген жаңа мақсаттар азаматтардың әлауқатын арттыру мәселелерін шешуге бағытталғаны қуантады. Жаңа бағдарламалық құжаттың осылай аталуы кездейсоқ емес, басты назар елдегі тұрақты экономикалық өсімге бағытталған. Осы мақсатта орта бизнесті дамыту, берік индустриялық негіз құру, экспортты ынталандыру, макроэкономикалық саясатты қайта жүктеу және т.б. міндеттер дәйекті түрде шешілетін болады. Ерекше өскелең ұрпақ пен еңбек адамына назар аударылды. Қазақстандық балалар үшін бірнеше бағыттар әзірленетін болады - бұл білім сапасын арттыру, «Келешек» Бірыңғай ерікті қаржыландырылатын жүйесін енгізу және т.б. Ал 2023 жылға дейінгі Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы аясындағы жұмыс ауыр өнеркәсіп салаларында жұмыс істейтін азаматтардың еңбек құқықтарын жақсырақ сақтауға мүмкіндік береді. Бұл әрқайсымыз үшін маңызды.



Сонымен қатар, көптеген прогрессивті міндеттер бар. Олар ең алдымен, су және энергия үнемдейтін технологиялар саласында және жаңартылатын энергия жобаларын жүзеге асыруда. Біз

мәдениеті ғана емес, сонымен қатар судың қолжетімділігі мен сапасы мәселесі сияқты өмірлік маңызды мәселелерді де қозғады. Осыған байланысты су және ирригация министрлігі құрылады. Көлік-логистика саласының бұрыннан келе жатқан мәселесі көтерілді. Президент Еуразияда теңіз инфрақұрылымын дамыту, көлік министрлігін қалпына келтіру және уақыт өте келе толыққанды көліктік-логистикалық мемлекет болу қажеттігін мәлімдеді. Сонымен қатар, ол цифрландыру және инновацияларды енгізу мәселелеріне ерекше назар аударатынын және стратегиялық маңызды міндеттердің бірі Қазақстанды IT-елге айналдыру болып табылатынын атап өтті. Ол өңірлік университеттер базасында барлық облыс орталықтарында тұтас инновациялық экожүйе құру міндетін қойды.

Мен Еліміздің азаматы ретінде Президенттің қазақстандықтардың өмірінің барлық салаларына оң әсерін тигізетін барлық бастамаларын қолдауға дайынмын

Болашағымызға батылдықпен қараймыз, ысырапшылыққа, табиғи ресурстарды ұқыпсыз тұтынуға орын жоқ, оны балаларымыз, немерелеріміз, шәберелеріміз үшін сақтауымыз керек. Мемлекет басшысының Жолдауының кейбір тұстарына ғана қысқаша тоқталып, ең бастысы, Елбасы атап өткендей: «...Бізде болашақтың айқынбейнесі бар: біз Әділ Қазақстан - тең мүмкіндіктер және прогресстер елін құрып жатырмыз». Менің ойымша, бұл жаңа Жолдаудың негізгі идеяларының бірі - Қазақстанды дамытудың нақты векторлары барқұжат.

Бақыт МАҚАШОВА, Сәтбаев қалалық Аналар кеңесінің мүшесі.

ҰЛТ ҰРАНЫ - ҰЛЫТАУ
ҰЛЫТАУ ЖӘНЕ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ АҚЫНДАРЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМАНДАЛЫҚ АЙТЫСЫ

ӨТЕТІН КҮНІ: **1 МАУСЫМ** БАСТАЛУЫ: **11:30**

Ұлытау командасы Қостанай командасы

ЖҰРСІН ЕРМАН қазылар алқасының төрағасы

АМАНЖОЛ ӘЛТАЕВ жүргізуші

Жезқазған қаласының Халықтар достығы мен мәдениет үйі **КІРУ ТЕГІН**

ТӨРЛЕТ, «ҰЛЫТАУ ҮНІ»!

Дәстүрлі «Ұлытау үні» фестивалі биыл отыз екінші рет Жалауын көтереді.

Маусымның 1-3 аралығында Жезқазған, Сәтбаев қалаларында өтетін фестиваль бағдарламасында «Ғасырлар аманаты» көрмесі, Жошы Ұлысының 800 жылдығына арналған «Алтын Орда аманаты» атты мульти аспапшылар байқауы, ақын, Қазақстанның Құрметті журналисі Мағзұмбек Машайықұлының «Өмірі өлеңмен өрілген», ҚР еңбек сіңірген артисі, әнші Береке Көшеновтің «Алдыңда жүрмін ән салып...» шығармашылық кештері, Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына

орай «Сарыарқа саңлақтары» атты дәстүрлі әншілердің республикалық байқауы өтетін болады.

Халқымыздың ұлық өнері айтыс болмаса «Ұлытау үні» фестивалінің сәні де кірмес еді, мәні де болмас еді. Биылғы айтыс бұрынғыдан сәл өзгереді болғалы тұр. Өйткені, Ұлытау және Қостанай облысының ақындары командалық топпен айтысады. Мұнда сондай-ақ термешілер, әншілер де сайысқа түседі.

Бір сөзбен айтқанда, тамаша думан-өнер думаны болғалы тұр.

Көліңіздер! Көріңіздер!

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру мақсатында Сіздердің назарларыңызға Сәтбаев қаласы әкімі м.а. тұрғындармен кездесу тәртібін ұсынамыз:

№	Іс - шара	Күні және уақыты	Өткізілетін орны
1	Сәтбаев қаласы әкімі м.а. қала тұрғындарымен кездесуі	12.06.2024 ж. сағ. 17.00	«С.Сейфуллин атындағы гимназия» КММ

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Жедел желі телефоны: 8/71063/ 3-48-20
Қала әкімдігінің сайтында электронды форматта ұсыныстар, ескертулер мен үн қатуларды қабылдау:
www.satpaev.gov.kz «сұрақ - жауап» бөлімінде
www.facebook.com - Sätbaev Qalasyның Äkimdigi
www.instagram.com - akimat.satpaev
Қосымша хабарлаймыз: есеп беру кездесуінен кейін Сәтбаев қаласының әкімі м.а. азаматтардың жеке қабылдауын өткізеді.

Сәтбаев қаласы әкімінің аппараты

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В целях реализации Указа Президента Республики Казахстан от 3 марта 2022 года «О проведении встреч акимов с населением», сообщаем о порядке проведения предстоящей встречи и.о. акима г.Сатпаев с населением.

№	Мероприятие	Дата и время	Место проведения
1	Встреча и.о. акима жителями города Сатпаев	12.06.2024 г. 17.00 час.	КГУ «Гимназия имени С.Сейфуллина»

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА САТПАЕВ!

Сообщаем, что сбор предложений, замечаний и откликов в электронном формате можете оставить на сайте акимата г.Сатпаев.
Горячая линия по телефону: 8/71063/ 3-48-20
Для сбора предложений, замечаний и откликов в электронном формате на сайте акимата:
www.satpaev.gov.kz в разделе «вопрос - ответ»
www.facebook.com - Sätbaev Qalasyның Äkimdigi
www.instagram.com - akimat.satpaev
Дополнительно сообщаем, что после встречи с населением и.о. акима г.Сатпаев будет проводить личный прием граждан.

Аппарат акима города Сатпаев

Ұлытау облысы Сәтбаев қаласында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін (жалға) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру бойынша конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАМА

2024 жылы 28 маусымда Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, ак.Қ.Сәтбаев даңғылы 108, мекенжайы бойынша орналасқан, «Сәтбаев қаласының әкім аппараты» ММ әкімшілік ғимаратының үлкен залында сағат 15:00-де, шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін (жалға) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру бойынша конкурс өтеді.

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) конкурстық ұсыныс.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімді тіркеу және қабылдау Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, ак.Қ.Сәтбаев даңғылы 108, (1-ші этаж, 1 кабинет) мекенжайы бойынша орналасқан «Сәтбаев қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-не 2024 жылдың 17 маусым айынан 2024 жылдың 28 маусым сағат 12:00-ге дейін жүзеге асырылатын болады.

Конкурсқа қатысуға өтінім, өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанша, қағаз тасығышта қолма-қол не почта арқылы немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның

атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Келесі жер учаскелері конкурсқа шығарылады, төменде көрсетілген кестеге сәйкес:

Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын жаса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы

жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырама бөлігі болып табылады.

Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады. Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс. Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және « жылғы _____ » « дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпаратты Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, ак.Қ.Сәтбаев даңғылы 108, мекенжайы бойынша орналасқан, «Сәтбаев қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ білуге болады. Телефондар: 8 (71063) 38469, электрондық мекенжайы: zher_saulet.satbaev@mail.ru

№№ п/п	Жер учаскесінің орналасқан жері (селолық округтен шалғай, орташа қашықтық, км)	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер көлемі (га)	Сату объектісі (заң түрі)	Жалдау мерзімі, жыл	Облыстың ауыл шаруашылығының мамандануы	Жер құрамы, га, Олардың ішінен:				Топырақтың сапалық сипаттамасы, (бонитет баллы)	Сумен қамтамасыз ету мән	Шектеу
							егістік жер	жайылымдар	шабындықтар	Басқа жерлер			
1 лот	Сәтбаев қаласының жерінде, 25-112-	шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін (егістік жер) жүргізу үшін	2000,0	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқықтары	10	Өсімдік шаруашылығы	2000,0	0	0,0	6	жоқ	Ешқандай ауыртпалық немесе басып алу жоқ	

ИЗВЕЩЕНИЕ о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства в городе Сатпаев область Ұлытау

28 июня 2024 года в 15-00 часов в большом зале здания ГУ «Аппарата акима г.Сатпаев», расположенного по адресу: область Ұлытау, г. Сатпаев, пр.ак.К.Сатпаева 108, состоится конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Участник, являющийся физическим и юридическим лицом, для участия в конкурсе представляет следующие документы:

1. Заявка на участие в конкурсе;
2. Конкурсное предложение;

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе будут осуществляться с 17 июня 2024 года до 12:00 часов 28 июня 2024 года в ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Сатпаев», расположенного по адресу: область Ұлытау, г. Сатпаев, пр.ак.К.Сатпаева 108, (1-й этаж, 1 кабинет)

Заявка на участие в конкурсе подается на бумажном носителе нарочно либо по почте или посредством веб-портала «электронного правительства» до окончания срока представления заявок.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его местонахождение, сведения

о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридическое лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

На конкурс выставляются следующие земельные участки, указанные в нижеприведенной таблице:

Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения

для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства». В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки. В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до: « ____ » _____ года» (указывается точная дата).


Дополнительную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Сатпаев» по адресу: область Ұлытау, город Сатпаев, пр.ак.Сатпаева 108 Контактные телефоны: 8(71063) 38469, электронный адрес: zher_saulet.satbaev@mail.ru

№№ п/п	Местоположение земельного участка (отдаленность от сельского округа, среднее расстояние, км)	Целевое назначение земельного участка	Площадь земельного участка (гектар)	Объект продажи (вид права)	Срок аренды, лет	Сельскохозяйственная специализация региона	Состав угодий, га, из них:				Качественная характеристика почв, (балл бонитет)	Водообеспеченность	Ограничение
							Пашня	Пастбища	Сенокосы	Другие земли			
1 лот	На землях города Сатпаев, 25-112-	для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства (пашня)	2000,0	права временного возмездного землепользования (аренды)	10	Растениеводство	22000,0		0,0	6	нет	Обременение или арест отсутствуют	

ТӨРЕГЕЛДІ ШАРМАНОВ

Қазақстандық гигиенист-нутрициолог ғалым, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ тағамтану академиясының президенті, Ресей Медицина Ғылым Академиясының және Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Алматы қаласының және Ұлытау облысының Құрметті азаматы Төрегелді Шарманұлы Шарманов қайтыс болды.

Т.Шарманов 1930 жылы 19 қазанда Қарағанды облысының Ұлытау ауданында туған. Ол Қарағанды Медицина институтын және оның аспирантурасын бітірген. 1958–1962 жылдары — Қарағанды облысы Ұлытау ауданында орталық аурухананың бас дәрігері, 1962–1968 жылдары — Қазақстан Денсаулық сақтау министрінің Өлкелік патология ғылыми-зерттеу институтында бөлім меңгерушісі, 1968–1971 жылдары — Ақтөбе медицина институтының ректоры, 1971–1982 жылдары — Қазақ КСР-і Денсаулық сақтау министрі, 1973–1984 және 1988 жылдан — КСРО Медицина ҒА-ның Тағам институты Қазақ бөлімшесінің директоры (қазіргі Қазақ тағамтану академиясының президенті), 1985–1988 жылдары — Бүкілодақтық «Тағамтану сұрақтары» атты журналының бас редакторы және Мәскеу қаласындағы Дәрігерлердің біліктілігін жетілдіру институтының тағамтану кафедрасының меңгерушісі, 1995 жылдың мамыр айынан — Қазақстанның Профилакториялық медицина академиясының негізін қалаушысы және оның президенті, 1997 жылдан бастап «Здоровье и болезнь» журналының бас редакторы болды.



8-10 шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды.

Негізгі ғылыми еңбектері тамақтану физиологиясына арналған. Ол тамақтану тәртібінің бұзылу себептерін зерттеп, адам денесінде ақуыз, дәрумен жетіспеу жөнінде тұжырым жасады; мешел ауруының даму механизмін ашты. Оның басшылығымен емшектегі балаларға арналған «Бөбек», «Аруана», «Антихолестерин» тағам қоспаларын шығарды. Оның бастамасымен 1978 жылы Дүниежүзілік денсаулық ұйымы (ДДҰ) мен ЮНИСЕФ-тің Халықаралық Алматы конференциясы өтіп, онда медицина санатының алғашқы жәрдемнің ұлттық жүйесін ұйымдастырудың ұстанымдары алғаш рет тұжырымдалған Алматы декларациясы қабылданды.

Төрегелді Шарманұлы жемісті еңбегі үшін 1969 жылы «Қажырлы еңбегі үшін» медалі; 1970 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалі; 1976 жылы КСРО-ның «Октябрь революциясы» ордені; 1980 жылы КСРО-ның «Халықтар достастығы» ордені; 1996 жылы ҚР-ның «Парасат ордені»; 2010 жылы ҚР-ның жоғарғы I дәрежедегі «Достық» ордені; 2016 жылы ҚР-ның жоғарғы III дәрежедегі «Барыс» орденімен марапатталды.

Т.Шармановқа 2022 жылы «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді. 2005 жылы Дүние жүзінің денсаулық сақтау ассамблеясының «Леона Бернгард» атындағы дүниежүзілік сыйлығын алды. (Бұл сыйлықпен әлем бойынша 42 адам ғана марапатталған);

ТҰТАС ҒАСЫР КӨШІП КЕТТІ...

Ұлытау облысының Құрметті азаматы, Қазақ елінің маңдайалды ғалым-профессоры, академик Төрегелді Шармановтың өмірден озуына байланысты марқұмның отбасына, жақын-жуығына, барша Қазақ жұртына қайғырып көңіл айтамын.

Төрегелді Шарманұлы - Ұлытауда туып, ұлтқа қызмет еткен еліміздің арда азаматы еді. Саналы ғұмырын салауатты өмірдің көрінісіне арнаған тұлға Қазақ медицинасының мақтанышы, дүниежүзілік денсаулық сақтау саласының аңыз адамы бола білді.

94 жыл ғұмырында ұлттың саулығы мен амандығын ғана ойлаған Төрегелді ағамызбен бірге тұтас бір ғасыр көшіп кетті деуге негіз бар. Қазақтың ұлттық тағамдарының құнарын әлемнің түкпір-түкпірінде насихаттап, халқымыздың асыл азығының қадіріне жеткен де академик жерлесіміз еді.

Ұлытаудың қасиетті топырағынан жаралып, мемлекетіміздің денсаулық сақтау саласына өлшеусіз үлес қосқан арда азаматтың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Жаратушы иман байлығын нәсіп етсін!

Берік ӘБДІҒАЛИҰЛЫ,
Ұлытау облысының әкімі.

РЕДАКЦИЯДАН: Қазақтың ұлы перзенттерінің бірі Төрегелді Шармановтың дүниеден өтуіне байланысты отбасына, жақын-жуықтарына қайғыра көңіл айтамыз. «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы?» дегендей, абыз ақсақалдың, аңыз адамның өлмес өмірі енді басталды. Сөз көнермейді, өсиет ескірмейді. Төрегелді Шармановтың осыдан екі-үш жыл бұрын баспасөзде жарияланған сұхбатын газеттің келесі беттерінде жариялап отырғанымыз да сондықтан. Өзі өткенмен, елінде қалған өсиетін қанша рет қайталап оқысақ та артығы болмайтыны анық.

ҰЛТТЫҢ АСЫЛ АБЫЗЫ

Төрегелді Шарманұлының ес біліп, саналы өмір жолын бастаған кезі қазақ тарихындағы ең ауыр, ең қасіретті, ұлт тағдыры қыл үстінде тұрған, халықтың жартысына жуығы аштықтан қырылып, жақсы мен жайсаңы, көсемі мен шешені атылып, қудаланып, зор нәубет орнаған жылдар еді. Қазір қарап отыр-саң, Төкеңнің өмір жолы, ұстанымы ұлт басындағы сынақтарға жауап, алдағы міндеттерге дайындық болған секілді.

Шын мәнінде, жоғарыда келтірілген күрделі жағдайдан есін жиып, қайта жаңғыру үшін, әрине, бірінші кезекте ұлттың саны өсуі керек. Сапасы көтерілуі керек. Ол үшін денсаулықтың мықтылығы маңызды. Сонымен қатар жаңа заманның сынақтарына білім мен ғылым арқылы ғана жауап беру мүмкін еді. Сондықтан білім мен ғылым жолын таңдап, оның ішінде денсаулық сақтау саласында қызмет атқаруы – сол жауаптың бірі болды.

Төкең әр амалы мен әр қарекеті арқылы ұлтына да, адамзатқа да қызмет етудің үлгісін қалыптастырды. Ұлт көкжиегін кеңейтіп, әлемге танылуына көп қызмет етті. Оның ең жарқын мысалы – 1978 жылы Алматыда өткен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен UNICEF-тің бірлескен конференциясы. Оған дейін қазақ жерінде жаһандық жиын болып көрген емес-ті. Бір жағынан, Алматы декларациясы бүкіл әлемдегі миллиондаған адамның өмірін сақтап қалуға жұмыс істеген денсаулық сақтау жүйесінің дамуына, жедел жәрдем секілді алғашқы көмек көрсететін жүйені дамытуға сеп болса, екінші жағынан конференция қазақ деген елдің бар екенін әлемге әйгілеп берді.

Төкең бақилық болғанмен, оның мұрасы мен ғибраты ғасырлар бойы ұлтқа қызмет ете бермек. Сол ұлағатының ішінде менің түйгенім – ол кісі өмірді сүю, адамды сүюдің озық мысалын көрсетіп кетті. Кешірімшілдігі де – айрықшалап атап айтуға болар қасиет. 1978 жылы жаһандық жиыннан кейін түрлі көреалмаушылықтың салдарынан елден жырақтап, Мәскеуде тұруға мәжбүр болған еді. Сөйте тұра соған себепкер болғандарды да, біреулердің айтағына ергендерді де кешіре білді. «Солардың кейбірін аспирант ретінде баптап, ғылым бәйгесіне қостым, ал билік маңайында болғандарға кешіріммен қарадым, сол арқылы жасампаздық жолға көбірек күш-қуатымды арнауға мүмкіндігім болды» деп еді бірде ағынан жарылып.

Тағы бір ерекшелігі – үлкенмен де, кішімен де сыйласа, араласа, әзілдесе білуі. Көз жұмар сәтке дейін өмірге құштарлығын, болашаққа сенімін жоғалтпады және әзілден де айырылмады. Қайтыс боларынан үш күн бұрын баласы Алмаз бізді видеобайланыс арқылы сөйлестірді. Сонда қалыптасқан дәстүр бойынша аға мен інінің, нағашы мен жиеннің бір әзілін бастап едім, хәл үстінде жатқан Төкең әзілге әзілмен жауап беріп, ғажап бір ішкі рухтың сөнбегенін көрсетті.

Төрегелді Шарманұлының өмір жолы – өнегелі жол. Қажырлы еңбек, терең білім, жасампаз қайраткерлік арқылы өшпес із қалдырған алып тұлғаның бақилық болуы тұтас ұлтымыз үшін ауыр қайғы. Бірақ Төкең қалдырып кеткен із, тағылымы мен тәлімі ел игілігі үшін қызмет жасай бермек. Алып тұлғаның жаны жәннатта, иманы саламат болсын.

Әлихан БАЙМенов,
Астана мемлекет қызмет Хабының төрағасы.

ҚАЙЫРЛЫ ҚАЗА БОЛСЫН, ҚАЗАҚ ЕЛІ!

*«Егер де халық өзін ұмытпаса,
Бақұл бол, халқың сені ұмытпайды»
/Мұқағали Мақатаев/*

Жаңа күн айтып жатыр жаңалығын.
Өлеңімнің өзегі - өрт, жанары - мұң.
Бабатауым жоғалтты бағалы Ұлын,
Ұлт ұясы Ұлытауда қаралы күн.

Мойындаған кеше Әлем, Кеңес елі,
Жақсыларын жас кетті демес елі.
Төрегелді ағамыз төрде отырар,
Ұлтымыздың Тұлғасы, Төресі еді.

Құтқармас ешкімді ажал құрығы ана,
Қол жайдық, бетті бұрып құбылаға.
Ұлт ұясы Ұлытауға көңіл айтып,
Ұлын жоқтап жатқандай Ұлы Дала.

Аңыз адам!
Қалт айтпас халық тегі,
Жақсы ұстаздай оқытқан Өліппені.
Қаңсығын таңсық қылмай біреулердің,
Ұлтының дастарханын дәріптеді.

Ғажап ғалым!
Ұлтымның ажары еді,
Бағы еді, байлығы еді, базары еді.
Баршаңызға қайғырып көңіл айтам,
Қайырлы қаза болсын, Қазақ елі.

Мұқаш СЕЙТҚАЗИНОВ,
Ұлытау ауданының
Құрметті азаматы.
25.05.2024.

Төрегелді ШАРМАНОВ:

ҰРПАҒЫМЫЗДЫҢ

– Төрегелді Шарманұлы, әдетте өзіңізбен өрбіген сұхбаттарда денсаулық саласының бары мен жоғы, ұлттық тағамтанудың өзекті мәселелері қамтылып жатады. Бұл жайларға сәл кейі-нірек тоқталып, әңгіме ауанын жас мемлекетіміздің өткені мен бүгінгі, тәуелсіздіктің қадір-қасиеті деген тақырыптан бас-тасақ. Тәуелсіздік дегенде көз алдыңызға не келеді?

– Тәуелсіздік – біз үшін ең қастерлі құндылық. Ғасырлап күткен арманның, ұлы күрестердің жемісі. Сондықтан оның ауқымын бір ауыз сөзге сыйдыру тым қиын. Тарихқа көз тастасақ, тағдырдың қилы соқпағынан халқымыз аз қасірет шеккен жоқ. Ашаршылық алапатын, соғыс зобалаңын, отаршылдық езгісін бастан өткерді. Жұбан ақын айтқандай, «мың өліп, мың тірілген» халықпыз. Ең бастысы, еңсеміз езіліп, рухымыз қалғыған жоқ. Жаратқан ием нұрын төгіп, тәуелсіздіктің ақ таңына жеттік. Байрағымыз желбіреп, әнұранымыз шырқалып, халықаралық қауымдастықтан өз орнымызды алдық. Жастарымыз өз елінде, өз жерінде арманға қанат қағып, алаңсыз өсіп жатыр.

Тәуелсіздік экономика мен саясатта ғана емес, жеке адамдардың да өміріне өзгеріс, жақсылық, табыс, жетістік әкелді. Болашаққа деген сенім мен үміттің нәтижесінде бүгінде еліміздің керегесі кең, терезесі тең. Тіліміз, санамыз, мәдениетіміз бодандық құрсауынан босап, тәуелсіз дамуға бет алды, төл ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. Жоғалған тарихымызды түгендеп, өшкеніміз жағылып, өткеніміз танылып жатыр. Мұның бәрі егемендіктің арқасы.

Бүгінгі аласапыран заманда халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отансүйгіштікті, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай жастардың патриоттық сезіміне енгізуге ерекше көңіл бөлуі керек деп ойлаймын. Тәуелсіздіктің тұғырын сақтап қалу – үлкен аманат, ұлы борыш. Оны сақтауға халқын сүйген әрбір адам үлес қоса алады. Әркім өз ісіне, мамандығына адал болса, адамгершілік қағидаттарынан аттамай түзу жүрсе, табанды еңбек етсе, егемендіктің еңселенуіне қосқан үлесі сол. Осы бір қастерлі құндылықтың қадір-қа-сиетін жас ұрпақ жан-тәнімен сезінсе, жүрегімен түйсінсе, қадамымыз нық, болашағымыз жарқын болмақ. Тәуелсіздіктің маңыздылығы мен тарихы жайында айта берсек, әңгіменің шегіне жетпеспіз. Қорыта айт-қанда, Тәуелсіздік – біздің алтын тұғырымыз, баға жетпес бай-лығымыз!

– **Сонау қылышынан қан тамған кеңестік кезеңде денсаулық сақтау саласын басқарғаныңызды білеміз. Ел егемендігін жаңа алған елең-алаң тұста тәй-тәй басқан еліміздің маңызды құрылымында еңбек еттіңіз. Сондағы бетпе-**

ТӘҢІРДЕН ТӘЛЕЙІМІЗГЕ БҰЙЫРҒАН ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗ ТАҒЫЛЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫМЫЗБЕН ТҰҒЫРЛЫ. ҰЛТТЫҚ ТАҒАМТАНУ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫ ОЙ МЕН ҰРПАҚ САУЛЫҒЫН ТІЛГЕ ТИЕК ЕТЕ ҚАЛСАҚ, МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТЫҢ ЛАУРЕАТЫ, АКАДЕМИК ТӨРЕГЕЛДІ ШАРМАНОВТЫ АЙНАЛЫП ӨТЕ АЛМАСЫМЫЗ АНЫҚ. ҒАСЫР-ҒҰМЫРҒА БЕТ АЛСА ДА, ҒЫЛЫМНАН ҚОЛ ҮЗБЕГЕН ҚАЙРАТКЕРДІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ БЕЙ-ЖАЙ ҚАЛДЫРМАЙДЫ. ЕЛДІКТІҢ ЕҢСЕЛЕНУІ ЖОЛЫНДА ЕСЕЛІ ЕҢБЕК ЕТІП, КӨШ БАСЫНДАҒЫ АЗАМАТТАРМЕН БІРГЕ МЕМЛЕКЕТ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАСҚАН АЙТУЛЫ ҒАЛЫМНЫҢ АЙТАРЫ КӨП.



бет келген қиын-дықтар туралы айтып өтсеңіз?

– Өзің айтып отырған қиын кезеңде қай салада болсын, ауыртпалықтар аз болған жоқ. Тоқсаныншы жылдардағы тоқырау, өз алдына отау тіккен жас мемлекет үшін ауыр сынағымен келді. Киім-кешек жетіспеушілігі, тамақ тапшылығы алқымнан алған ағайын жұмыссыз қалып жатты. Өндіріс ошақтары өрісін тарылтып, ауыл мен қаланың арасында сабылған жұрт күнкөрістің қамы үшін базар жағалады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев осы кезде тығырықтан шығу-дың тиімді тетіктерін алға ұстап, мемлекетімізді бұл сынақтан аман алып шықты. Жаңа жұмыс орындары құрылып, экономикамыздың тамырына қан жүгіре бастады. Мектептер мен балабақшалар бой түзеп, оқу-ағарту ісіне, ғылым-білімге көңіл бөлінді. Біз секілді ғалымдар да аянып қалмай, өз саламызды алға сүйреуге халқадерімізше үлесімізді қостық. Осы кезде бидай ұнын темірмен, ас тұзын йодпен байытуға арналған жоба ойлап табуға тура келді. Сол жобаны қолға алу арқылы халық денсаулығын қалыпта ұстау, тағам құнарын арттыру мақсатында үлкен қадамдар жасадық.

Йод тапшылығы туындаса, өскелең ұрпақтың ойлау қабілеті қалыс қалып, аға буын анемиядан айықпас еді. Біз бұған жол бергеніміз жоқ. Мемлекет билігі аталған жобаларды жүйелі жүзеге асыруым үшін маған сенім артып, көп қолдау көрсетті. Сол үшін алғыс білдіремін.

Жаңа өзің айтқан қылышынан қан тамған кеңестік кезеңде алдымызға қойылған рухани тосқауылдар аз емес еді. Сол кездегі бір оқиғаны тілге тиек етейін. Кеңес Одағы кезінде маған ұлтшыл деген айып та тағылып, қудаланған болатынмын. Ақтөбе медицина институтына ректор болып келгенімде ең бірінші назарымды аударған нәрсе қазақтан қабылданған студенттердің қатары 37 пайызды ғана құрайды екен. Бұл мәселені тездетіп жолға қойып, 63,5 пайызға көтердім. Қазақ оқытушыларын көптеп алдырттым. Бұл қазақ студенттерінің де еңсе түзеуіне әжептәуір сеп болған еді. Есесіне, облыстық партия комитеті мен басқа да құзырлы орындар тарапынан қудалауға түстім. Одан бөлек, Денсаулық сақтау министрі кезінде, 1978 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының халықаралық тарихи

Алматы конференциясын аса жоғары деңгейде өткізген едік, сол кездері де қиындықтарға тап болдым. Қандай қиындықтар болсын, мені әрдайым халық қолдады, маған үлкен сенім білдірді. Қиындықпен қапталдасып жүрсем де, ұлтым үшін күресу – зор бақыт. Ендігі белес құр тоқсаннан асып, жүзге жету емес, ең биік мақсатым – қазағымның бағы өрлеп, тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі болуына белсене атсалысу, халқым үшін пайдамды тигізу. Ал шын мәнінде дәрігер болу менің бала арманымнан туындаған мақсат еді. Бұл арнаға түсуімнің өзіндік себебі де бар.

– **Ол қандай себеп еді, толықтырып айтып өтсеңіз?**

– Бала күнімде өзімнен бес жас кіші қарындасым Қайынжамалмен тел қозыдай тең өстік. Біз туған жер қасиетті Ұлытау баурайындағы ең бір көрікті мекен еді. Бір жолы қарындасыма суық тиіп ауырып қалды. Оны емдейтін жібі түзу дәрігер қалдық. Біз одан қапыда көз жазып қалдық. Бұл жағдай менің бала жүрегіме ауыр соққы болып тиді. Сол кезде өз-өзіме «Қайтсем де дәрігер болам» деп серт бердім. Сондағым енді ешкім өлмесе екен деген балаң

РУХЫ ҚАЛҒЫМАСЫН

тілек еді. Кейіннен сәби жүректен шыққан осы бір қиял бүршік жарып, денсаулық саласына өмірімді арнауға бел будым. Тоқсанның төріне шықсам да, еңбектен, ғылымнан қол үзбей келе жатқаным да сондықтан.

– Адам санасында материалдық игіліктер алға озды десек те, қазіргі әлемді дүрліктірген пандемия жағдайы тұтас адам-затқа денсаулықтан артық құндылық жоқ екенін көрсетіп берді. Индет пен күресте қандай қадамдарға барғанымыз абзал?

– Иә, әлем түбегейлі өзгерді. Қым-қуыт тіршіліктің соңына түскен адам-зат баласы кейбір табиғатында бар қарапайым дүниелерден алыстап, қасиет қалыбынан ажырап бара жатқандай еді. Адамдардан мейірім кетіп, жанашырлық азайып, табиғатты аялаудан, өмірді сезінуден қалды. Ең сорақысы, жұмыр басты пенделер ақшаны алдыңғы орынға қойып, ол бәрін шешеді дегенді берік ұстанымға айналдырды. Жас пен кәрі, бай мен кедей деп жікке бөлмеген жаман індет жаһан жұртшылығына бұл қағиданың қате екенін ұғындырғанын көзіміз көріп отыр. Коронавирус қаншама асыл азаматтарымызды келместің кемесіне мінгізіп, өкеліп жатыр. Бұл қауіпті індеттің жаңа толқындары туындауда.

Халыққа айтарым, саулық сақтықта екенін естен шығармайық. Біз тапқанына той жасап, қуанышын елмен бөлісуге асығатын тойшыл халықпыз. Дегенмен мына күрделі әрі қауіпті кезеңде тойшылдығымызды, дарақылығымызды тоқтату керек. Тойшылдығымыз, думаншылдығымыз басымызға таяқ болып тиіп жатыр. Соны ұғынып, бұл әдетімізден өзімізді алшақ ұстайтын кез келді. Көріп отырғанымыздай, бүгінгінің талабы – жылдам әрекет ету, өзгерістерге бейім бола білу. Тіпті қарапайым жүрген жерінде жеке гигиенаны сақтау, көпшілік жерде маска тағып жүру, әлеуметтік қашықтықты ұстануды қатаң түрде әдетке айналдыруымыз керек. Өткен жылы мерейтойымды атап өту жөніндегі ұсыныстан бас тартып, түбегейлі қарсылығымды білдірдім. Мен үшін халқымның сау болғаны анағұрлым маңызды. Отандастарымның денсаулығын қауіп-қатерге тігу – үлкен қылмыс. Көңілге бай қазағымның «сақ жүрсен, сау жүресің» деуі қазір өзекті болып отыр. Бір-бірімізге қамқорлық танытып, өзіншілдікке бой ұрмауымыз қажет. Төңірегіміз түгел болсын десек, айналамыздағы адамдардың аман-саулығына жауапкершілікпен қарағанымыз жөн.

Мен тоқсанға толған өмірімнің көбін қазақ елінің гүлденуіне, тұрғындардың дұрыс тамақтанып, саулықта болуына арнап, сондай-ақ ұлттық құндылықтарды дәріптеу жолында өмірімнің ең қымбат және қиын кезеңдерін өткеріппін. Алдағы уақыт-

та да елімнің амандығын тілеймін. Біз – небір жаугершілік заманды, ашаршылық нәубетін, соғыс жылдарындағы ауыр тұрмыс дейсіз бе, небір қиындықты көрген және жеңген рухы берік халықпыз. Мұны да жеңеміз! Қазір бізде мүмкіндік көп. Технология дамыған, білімді, білікті мамандар бар. Заман өзгерген. Сол үшін ертеңге деген сенімнен адаспауымыз керек.

– Кейіпкеріміздің көңіл терезесіне үңіліп көргіміз келеді. Көңіліңізде қандай алаң бар, өмірде өкінетін тұстарыңыз көп пе?

– Ет пен сүйектен жаралған пенде болғасын, өкініш пен қуаныш, сүйініш пен күйініш қапталдасып қатар жүреді емес пе?! Оның қайбірін айтамыз?! Бір білетінім – мен шын мәнінде бақытты адаммын. Мені осы уақытқа дейін алға жетелеп келе жатқан халқымның ықыласы. Әлі де еңбектен қол үзгенім жоқ. Бағындырған белесімнің бәрін халқымнан алған бата-алғыстың арқасы деп білем, сондай-ақ әкешемнің берген еркін, қазақы тәрбиесінің жемісі деп есептеймін. Халқымның мені әрдайым қолпаштап, аялап қорғаштауы, ізгі ілтипаттарын білдіруі, ақыл-кеңес сұрап, ақсақалдық тәлім-тәрбиені қажетсінуі – басыма қонған үлкен бақ. Мені Шарманов етіп мәртебемді биіктетіп, мерейімді өсіріп отырған халық, сондықтан да мен әрбір қиын кезеңді халқыммен бірге өткеруді азаматтық борышым деп санаймын. Сондықтан жеке басымыздан гөрі халықтық мәселелер бізді көбірек толғандырады.

«Көңіліңізде қандай алаң бар?» деген сауалыңа жауап берер болсам, қазіргі қоғамның бір індеті – жемқорлық. Бұл келеңсіздікті түп-тамырымен жоюымыз керек. Қазіргі жемқорлықтың құлқыны өте кең. Негізінде, бұл жаман әдет қазақы тән емес еді. Өз басым біраз кезеңді басымнан өткердім. Кеңестік кезеңде біреудің бір артық нәрсесін көрсе, ол талқыға салынатын, тексерілетін, жауапқа тартылатын. Ол кезде қазақ баласы пара беруге де, пара алуға да епсіз болатын. Қазір өлім мен өмірдің арасында арпалысып жатқан адамнан пара сұрайтын халге жеттік. Бұған қатысты біреулер жалақысының аздығын, отбасын асыраудың машақатын айтып ақталады. Бірақ жалақысы қомақты, отбасын асырауға толық қабілетті, қолынан іс келетін жоғарыда отырғандардың да осы «дәртке» ұшырағаны жасырын емес. Сайып келгенде, бәрінің тонайтыны – қара халық. Сол қара халықтың парақорға жем болып жатқанын көргенде «қандай заманға тап болдық?!» деп баз кешетінім де рас. Егер біз болашақта ұлт болып ұйысқымыз келсе, алдымен осы індеттен арылуды ойластырғанымыз жөн. Жемқорлықпен қоғам болып күресуіміз керек.

– Халқымыз қашаннан қадір тұтқан Қамбарата баласы жылқы ма-

лының артықшылығы, осы бір түлік етінің, сүтінің денсаулыққа ұшан-теңіз пайдасы туралы айтудан жалықпай келесіз. Қазіргі қиын кезеңде де бұл жөнінде айтып өту артық етпес деп ойлаймыз?

– «Жылқыдан асқан мал бар ма? Биенің сүті сары бал, Қымыздан асқан дәм бар ма?» дегенді кешегі жырауларымыз тегін айтқан жоқ. Бүгінде жылқы еті мен сүтінің пайдасы ғылыми тұрғыдан зерттелді. Бұл өте – қасиетті, құнды тағамдар. Мұны талай жерде айтып та жүр-міз. Ал қой еті ше? Кешкі аста жеген қой еті ертесіне кешке дейін әрең қорытылатынын білеміз бе? Сондай-ақ сиыр еті де келесі күннің таңында ғана қорытылады. Сол себепті жылқы етіне тағар мінім жоқ. Себебі кешкі аста желінген жылқы еті ұйқыға жатқаныңызша-ақ қорытылып кетеді. Сіңімділігі және ағзаға пайдалылығы жағынан қазақтың қазысымен мық тіресе алатын тағам түрі әлі жоқ. Қымыздың жайы тым бөлек. Кешкі астан кейін ішілген қымыз бойға қуат, дертке шипа. Жалпы, бие сүтінің ұлтымыздың әлеуетіне қосатын үлесі орасан, оған біздің Қазақ тағамтану академиясының көп жылдар бойы жүргізген ғылыми зерттеулері дәлел. Осы ғылыми зерттеу жұмыстарының барысында біз бие сүтінің терең сырларына бойлап, осы уақытқа дейін құпия болып келген тұстарын зерттеп, тың жаңалықтар ашып, бие сүтінің негізінде тарихта тұңғыш рет жаңа өнімдерді өмірге әкелдік. Бұл істің ел ауқымында өріс алуы үшін асыл шикізат – бие сүтінің көлемі мол болуы шарт. Демек еліміздегі жылқы шаруашылығын өркендетіп, қанат жайғызу арқылы ауылдағы іскер азаматтардың, мемлекеттің қолдауымен бие сүтін өндіру ісі, сонымен қатар бие сүтінен өндіретін өнімдеріміздің көлемі айтарлықтай дәрежеге жетеді деген сенімдемін. Ал етке қатысты мына қағиданы ұмытпағанымыз абзал. Ет жеу осы екен деп шектеусіз, таңдаусыз кез келген етті пайдалана беру денсаулығымызды нашарлатпаса, нығайтпайды.

– Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы дейміз. Ұрпақ саулығын сақтау үшін, ұзақ өмір сүру үшін қандай өмір салтын ұстануымыз керек?

– Қазір көпшілігіміздің қарттық туралы түсінігіміз толып жатқан ауру-сырқаулармен байланысты болып келеді. Кәрілікті емдемеу керек, тек оның алдын алуға болады. Өркениетті қоғам зейнеткерлерге «отбасы мен мемлекетке салмақ салып отырған қауқарсыз қариялар» деп емес, «қоғамды алға сүйрейтін, ақыл-ойы толысқан мықты қозғаушы күш» деп қарайды. Бүгінгінің адамдары «денім сау, жұмысым табысты, өмірім ұзақ белсенді болғай» деген сөзді жиі айтатын болды. Қазіргі ғылыми жетістіктер де ауруды емдеуде емес, оның алдын алуға негізделуде. Оған қоса,

бюджеттің елеулі бір бөлігі алғашқы санитарлық-медициналық аурулардың алдын алу мекемелеріне бағытталып жатқаны қуантады. Бірақ жас кезінен бастап адамдардың дұрыс тамақтануға дағдылануы аз рөл атқармайды. Дүние жүзі бойынша адамдардың мезгілсіз көз жұмып жатқанының 60 пайызының негізгі себебі – дұрыс тамақтанбаудан. Осыған байланысты Дүние-жүзілік денсаулық сақтау ұйымы бүгінде дұрыс тамақтану мәселесін денсаулық сақтау саласының басым бағыттарының қатарына шығарды. Қазір бізге шетелден неше түрлі азық-түлік ағылып келіп жатқан тұста тамақтану мәдениетімізді арттыру басты орында тұр. Егер әр адам денсаулығына өзінде бар капитал деп қараса, ол адам бірінші кезекте дұрыс тамақтануға дағдылануы керек. Сонда ғана қа-зақ ерте қартаймайды. Оның алып бара жатқан құпиясы жоқ. Дұрыс тамақтануды жүйелеп алсақ, қартаймаудың ең негізгі басымдығы осы. Әрбір қазақ мұны сезінсе, денсаулығымыз мығым, елдігіміз жоғары, ғұмыр жасымыз ұзақ болары даусыз. Айталық, мен өзім анамды алты жасыма дейін емген адаммын. Бала-лармен ойнап жүріп, анамды көріп қалсам, омырауына жабыса кететінмін. Бірге ойнаған достарым бұл үшін мені әжуалағанда, «сендерге көрсетемін» деп жұдырығымды түй-сем, жым болатын. Анамның ақ сүтінің арқасында мен шымыр әрі күшті болып өстім. Әр нәрсені қалыптап берген халқымыз уызға жарымаған деген сөзді тегін айтпаса керек. Баланы емшектен ерте шығармай, мейірі қанғанша емізу денсаулығының мықты болуына зор ықпал ететінін түсінуіміз керек.

– Тәуелсіздік тойына қандай тілек айтар едіңіз?

– Өрине, тілегімнің ең тәттісін аяулы халқыма арнаймын. Заманымыз тыныш, ел іргесі берік болғай! Егемен елімізді сұқ көзден, суық сөзден сақтасын. Адамзатты тығырыққа тіреген пандемия тезірек аяқталып, халқымыз қалыпты өмірге қадам басса деймін. Бірлік бар жерде береке де, мереке де бар. Асқан асу, аттаған белес бәрі-бәрі ел үшін, ұрпақ үшін! Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Тәуелсіздік бәрі-нен қымбат» мақаласында: «Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу», деген еді. Сол ел мен жердің иесі саналатын жастарымыздың рухы қалғымасын, сағы сынбасын!

– Өңгімеңізге рахмет.

Өңгімелескен
Арман ОКТЯБРЬ,
«Egemen Qazaqstan»,
05 Мамыр, 2021 жыл

ЖЫР – МЕНІҢ ПЛАНЕТАМ

Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен «Тіл тұғыры» шығармашылық-танымдық жобасы аясында бәсекеге қабілетті, жігерлі, жауапты, шығармашыл ұстаздарды қолдау, қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдерінің өзара ынтымақтастығы мен кәсіби деңгейін көтеру, шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында «Жыр- менің планетам» атты поэтикалық батл өткізілді.

Жыр мүшайрасына 8 қатысушы ақын – ұстаздардан өлеңдері түсті. Бүркеншік атпен келген өлеңдеріне комиссия мүшелері талдау жасады. Екінші кезеңде тақырып таңдау арқылы импровизациялық қабілеттері сыналып, берілген тақырыпқа өлең жазды. Өлеңнің идеялық тұтастығы, автордың көзқарасы, өлең шарттары есепке алынып, ұпай саны бойынша 1,2,3 жүлделі орынмен марапатталды. Осы жыр додасында оза шыққан ақын - ұстаздардың бір тобының өлеңдерін жариялауды жөн көрдік.

Торғын ТҮСІПОВА,

№1 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.



СҮЮ

Сонау бір сезімге кенедей құмартып
Отырам өзіме, өмірге мін артып.
Мен солай күніне мың өліп, тірілем
Шықпасын білсем де мұнан түк.

Бір кездері кетсе де ауыптүлеп
Сол адамға бақ тілеп, сауық тілеп
Қылығына қара ту көтерместен
Сүйе беру – бәрінен қауіптірек.

Енді қазір ессіздей сорайып ап,
Ойлайды екем, болса да орайы – «қап!»
Неткен азап – ұмытпау, одан, бәлкім,
Құздан құлай салғаным – оңайырақ.

Жолдар мені тосады-ау одан бұрын.
Аңсауменен өлшенген болар құным,
Сол қаланы сағынам, қаланы емес,
Оған деген сағыныш болар мұным.

Кердең қағып кетті ме ой қиялымда,
Көп малынды содан да сия мұңға.
Бір адамның «сәлемін» тосқандықтан,
Ашылмаған хаттар көп ұялымда.

Естелікті елес қып, аңсап кейпін,
Жүрек, сені дәл бұлай шаршатты-ей кім?
Аяқ асты адасып, сол жанменен
Бір кездейсоқ жолығып қалсақ деймін.

Тілек осы бола ма қабыл анық?
Жүрмін әлі, өртеніп, жаным арып.
Әр түн сайын жылаумен іскен көзді,
Салқын суға таңертең малып алып.

Оралар ма ем сол сәттің шағына үзік,
Кетпесе екен қорқыныш тағы да үзіп.
Күтемін ғой, бәріне өлең – куә,
Өзің кел де, өртіме бол тамызық.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН,
№3 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

АБАЙДЫ ОҚЫ, АБАЙДЫ ОҚЫ, ДОСТАРЫМ!

Елім барда мен құздан құламаймын,
Мені биік қылшы деп сұрамаймын.
Мен болашақ ақынмын, тағдыр жазса,
Өлеңін оқып өскен ұлы Абайдың.

Жыр десе мен несіне тұра алайын,
Ойымда өнеге боп тұрар дәйім.
Абай атам мен үшін әркез ұлы,
Ұрпағы болғаннан соң Құнанбайдың.

Абай жырын жаттаушы еді ұстазым,
Өлеңдерін «Жазғытұры», «Қыс»,
«Жазын».
Қарасөзін көкейіңе тоқысаң,
Дегені бар адам болып шығасың...

Абайды оқы, Абайды оқы, достарым,
Сонда сенің ашық болар аспаның.
Аз да болса бабама жыр арнадым,
Осы болсын, өлеңге үлес қосқаным.

Нұржан ЖҮГІНІС,
Кеңгір селосының №2 ЖББМ
қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ

Тәуелсіздік – бабалардың арманы,
Аналардың көз жасының салмағы.
Ұрпақтары сол арманды бұл күнде
Ерлікпенен ақиқатқа жалғады.

Тәуелсіздік – бостандығым, теңдігім,
Сөздік шындап жеріміздің кеңдігім.
Жадымызда жаңғыртамыз жыл сайын,
Желтоқсандық боздақтардың ерлігін.

Тәуелсіздік – қолымдағы жаһұтым,
Берік ұстап, бағалайтын бақытым.
Желбірейді көк аспанда көк туым,
Бар әлемге паш еткендей бақытым.

Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым,
30 жылдық тарихы бар дәл бүгін.
Бабалардың аманатын ардақтап
Алаш елі көрмесін еш қайғы-мұң!

Тәуелсіздік – биіктегі тұғырым,
Бағымызға ұзақ болсын ғұмыры!
«Мәңгілік Ел жасасын!» деп жырлайтын
Отанымының намысты бір қызымын.

Анаркүл БҰХАРОВА,
№7 мектеп-лицейінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші

ҚАРАҒАНДЫ

Қарағанды..
Махаббатым Қарағанды,
Ғашық қылып алардай қарағанды.
Ауылдан аңқылдап келіп едім,
Бойжеткен еттің бала жанды.

Алыстан арбаған асау арманым,
Жастықтың татқызып бал дөмін.
Оқимын деп жүріп қоныстандым,
Әкеме сатқызып бар малын.

Талай бақыт болды да, тала ұрыс,
Ауыстырдық құрбыммен талай қоныс.
Түтінің бұрқыраған қара аспанға,
Арманмен ақ көңіл қарайтынбыз.

Жыр оқып жиналып жастармен,
Әр кеште, әр ақында басқа өлең.
Қарын аш болса да көңіл тоқ,
Салай сен ғашық қып бастап ең.

Деді уақыт байланған үз атты,
Ұстатып білім мен қызыл құжатты.
Төрт жыл уақыт осылай өткенде,
Қара анам ауылға қайта ұзатты.

Гәккү ЖАЛАУЛЫ,
№5 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ОЙТАЛҚЫ

БАЛАНЫ ЕҢБЕККЕ ҚАЛАЙ БАУЛЫП ЖҮРСІЗ?

Біздің буын сынып журналына еңбек сабағы бойынша «Қар күреу», «Қайталау» деп жазылған соңғы буын шығар. Кабинеттегі «Сынып бұрышындағы» қабырға газетінің жанында «Кезекшілік кестесі» тұратын еді ғой. Естеріңізде ме?

«Кезекшілік кестесі» бұлжымайтын. Сол кесте бойынша, сыныпқа бекітілген кабинетті сабақ соңында жуып, тазалап кететінбіз. Ұлдар орындықтарды партаның үстіне шығарып, қыздар еден жуады. Біріншіден, отырған орнымыздың тазалығына жауапкершілікпен қарадық. Екіншіден, еңбекке баулудың баламасы жоқ үлгісі еді. Қазір ше?

Қазір өкінішке орай, кейбір ата-аналар баласының артық қимылдап, мектеп жұмысына қамқорлық танытуына түбегейлі қарсы. Ұстаздың міндеті – тек сапалы білім беру ғана емес, саналы тәрбие беріп, адал еңбекке баулу екенін түсінгіміз келмейді.

Әлемнің өркениетті елдерінде «кезекшілік» үрдісі әлі де бар екен. Мәселен, жапондарда. Бұл елде мектептің штаттық кестесінде «тазалықшы» (уборщица) деген бірлік мүлде жоқ екен. Сабақтан кейін оқушылар өздеріне бекітілген аумақты (кабинет, дәліз, спорт залы, мәжіліс залы т.б) өздері тазалап, тап-тұйнақтай етіп кетеді. Осы тәжірибе бізде де қайта жаңғырса... Баланы жастайынан еңбекке баулып, тазалыққа қалыптастыратын ең қолайлы тәсіл болар ма еді...

Ана бір жылы Парламент деңгейінде көтеріліп, министрлікте талқыланған бұл мәселені жақтаушылардың бірі ретінде, сынып кабинетін тазалау тақырыбына қайта оралып, өз сыныбымыздың ата-аналары арасында сауалнама жүргізген едім. Ата-аналардың дені қолдап шықты. Баласының болашағына бейжай қарамайтын, перзентін маңызды психологиядан аулақ тәрбиелегісі келетін ата-аналарға мың алғыс!

Бүгінгі өбектеген балаңыздың ертең таза ма-сыл болып, бақайы қимылдаса, бақыты шайқалатындай күйге түсірген кімге пайдалы?

Ойланатын мәселе!

Әрине, бұл – менің жеке пікірім. Ұзақты күн телефонға телміріп, компьютерге байланған балаңыздың кітап оқып, отырған жерін тазалауына осы бастан мән бермесеңіз, ертең өкініп қалуыңыз әбден мүмкін.

Сіз не дейсіз? Ойланып, ой қосыңыз!

Жансая ҚОЗЫБАЕВА,
Е.Шаханов атындағы тірек мектебінің
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.
Жаңаарқа ауданы





ОВНЫ, вас ждет активная и насыщенная неделя. В понедельник вы почувствуете прилив энергии, который поможет вам справиться с любыми задачами. Ваша инициатива и решительность будут ключевыми факторами успеха на работе. Среда принесет интересные предложения, которые стоит рассмотреть.



ТЕЛЕЦ. Для Тельцов наступает время важных решений и перемен. Вторник станет днем, когда вы получите долгожданные новости или предложения. Ваши усилия и настойчивость, проявленные ранее, начнут приносить плоды. В среду стоит уделить внимание финансовым вопросам. В личной жизни не бойтесь проявить инициативу – это принесет позитивные изменения.



БЛИЗНЕЦЫ, эта неделя обещает быть продуктивной и интересной. В начале недели возможны новые знакомства и полезные связи, которые откроют перед вами новые перспективы. В среду уделите внимание своим обязанностям на работе, так как могут возникнуть важные задачи, требующие вашего внимания. В личной жизни ожидаются приятные моменты и сюрпризы.



РАКИ, эта неделя пожарит вам множество возможностей для личного роста. В понедельник ваши интуиция и эмоциональная чуткость помогут вам принимать правильные решения в сложных ситуациях. Во вторник ожидайте неожиданного поворота в делах, который может привести к новым перспективам.



ЛЕВ. Для ВАС неделя начнется с новых вызовов и возможностей. Вторник станет днем, когда ваша уверенность и харизма помогут вам достичь успеха в профессиональной сфере. Середина недели будет благоприятной для решения финансовых вопросов и планирования будущих проектов. В четверг постарайтесь уделить время близким.




ДЕВЫ, вас ждет продуктивная и насыщенная событиями неделя. Понедельник принесет новые задачи и проекты, требующие вашего внимания и аналитических способностей. В среду могут возникнуть неожиданные ситуации на работе, которые потребуют быстрой реакции и гибкости.



ВЕСЫ, у вас грядет неделя, наполненная интересными событиями и новыми возможностями. Понедельник наполнит свежими идеями и вдохновением, которые помогут вам продвинуться в профессиональной сфере. Во вторник обратите внимание на свои финансы и постарайтесь рационально спланировать бюджет. В середине недели вас могут ожидать приятные встречи и новые знакомства.



СКОРПИОНЫ, на этой неделе вам предстоит проявить свои лидерские качества и решительность. В начале недели возникнут ситуации, требующие вашего вмешательства и активных действий. В среду ожидаются важные новости или предложения, которые могут изменить ваши планы на будущее. Во второй половине недели уделите внимание своим отношениям.



СТРЕЛЕЦ. Для Стрельцов эта неделя обещает быть динамичной и насыщенной. Понедельник станет днем, когда ваша активность и энергичность помогут вам справиться с любыми задачами. Во вторник возможны неожиданные встречи и поездки, которые принесут новые впечатления и знания. Сосредоточьтесь на своих профессиональных обязанностях.



КОЗЕРОГ. Козерогам неделя подарит множество возможностей для профессионального роста. Понедельник станет отличным временем для планирования и стратегического мышления. В середине недели вы получите важные новости, которые могут повлиять на ваши карьерные планы. Ваше трудолюбие и упорство принесут заслуженные результаты.



ВОДОЛЕЙ. Для Водолеев эта неделя будет насыщена новыми идеями и творческими проектами. Вторник принесет вдохновение и желание экспериментировать, что может привести к интересным открытиям. В среду возможны неожиданные встречи с людьми, которые окажут значительное влияние на ваше будущее.



РЫБЫ. Рыбы, на этой неделе вам предстоит проявить свою чуткость и интуицию. В понедельник возникнут ситуации, требующие вашего мудрого совета и поддержки. Вы почувствуете прилив энергии, который поможет вам справиться с накопившимися делами. Среда будет благоприятной для решения личных вопросов.

БУЛЛИНГ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ

Айналадағы әлем, әсіресе мектеп қабырғалары, кейде қатал және әділетсіз болуы мүмкін. Бала мектепке барып, білім алумен қатар, достар тауып, өзін жаңа ортада дамытады. Алайда, бұл ортада әрқашан жылы жүздер мен мейірімді көздер ғана кездесе бермейді. Өкінішке орай, буллинг деп аталатын жаман құбылыс бар, ол бала өмірінде ауыр із қалдырады.

Буллинг - бұл әлсіздерді қорлау, кемсіту, оларға физикалық немесе психологиялық зиян келтіру. Әрбір бала буллингке ұшырауы мүмкін және бұл тек мектеп жасындағы балалардың ғана емес, жалпы қоғамның мәселесі. Буллинктің басты себептерінің бірі - адамдар арасындағы түсініспеушілік, тәрбиенің жоқтығы және өзін басқалардан жоғары санау. Буллинг жасаушылар көбіне өздеріне сенімсіз, бірақ басқаларға билік жүргізуді ұнататын балалар болып келеді.

Буллингке қарсы күресу жолдарының бірі – түсіністік пен қамқорлықты арттыру. Ата-аналар, мұғалімдер және қоғам мүшелері балаларға мейірімділік пен құрметті үйретіп, дұрыс тәрбие беру керек. Мектептерде буллингке қарсы арнайы бағдарламалар енгізіліп, оқушыларға бір-бірімен тіл табысу, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу әдістерін үйрету қажет. Сонымен қатар, психолог мамандардың қолдауын қамтамасыз етіп, балалардың эмоционалдық жағдайын бақылап отырған дұрыс.

Буллингке ұшыраған



балалардың ең бастысы – үнсіз қалмауы керек. Олар ата-аналарына, мұғалімдеріне немесе сенімді достарына өз мәселелері туралы айтуы қажет. Бұл балалардың ішкі жан дүниесін жеңілдетіп, оларға қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ата-аналар мен мұғалімдер балалардың мінез-құлқындағы өзгерістерді байқап, оларға көмек көрсету үшін белсенді әрекет етуі керек.

Буллингті толықтай жою мүмкін емес шығар, бірақ оның әсерін азайту және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – әрбіріміздің міндетіміз. Бала кезінен дұрыс тәрбие алып, сүйіспеншілік пен

қолдау көрген балалар болашақта қоғамның лайықты мүшелері болатыны сөзсіз. Әрқайсымыздың жүрегімізде мейірімділік пен түсіністік орнаса, буллинг сияқты жаман құбылыстардың таралуы азаяды.

Әлемді мейірімділікпен өзгертуге болады, тек оған сенім мен күш керек. Қоғам болып, бірлесе отырып, біз буллингпен күресіп, балаларымызға қауіпсіз және бақытты орта жасай аламыз.

**Балдырған
АЛШЫНБАЕВА,
Е.Шаханов атындағы
тірек мектебінің
(ресурстық орталығы)
бастауыш сынып
мұғалімі.
Жаңаарқа ауданы**

ЕРДЕН КӨШЕСІ, 207-ҮЙДІҢ ТҰРҒЫНДАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы №783 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1262 «Қазақстан Республикасы аумағында жылжымайтын мүлік нысандарын адрестеу қағидаларын бекіту» бірлескен бұйрығына сәйкес, Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, **Абай Құнанбаев көшесі, 97 үйге қазіргі уақытта Ерден көшесі, 207 реттік нөмері** берілгендіктен, Сіздерге Академик Қаныш Сәтбаев даңғылы, 108 мекенжайдағы, Сәтбаев әкімдігінің ғимаратына электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) келіп Жылжымайтын мүлік объектісіне мекенжай беру туралы анықтаманы алып «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік Корпорациясы Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Халыққа қызмет көрсету бойынша Сәтбаев қалалық бөлімшесінен түзету үшін өткізу қажеттігін хабарлаймыз.

Сұрақтар бойынша: Сәтбаев қаласы, Академик Қаныш Сәтбаев даңғылы, 108 мекенжайдағы, Сәтбаев әкімдігінің ғимаратына байланыс номері: 8/71063/ 3-31-76 хабарласуларыңызға болады.

ДЛЯ ЖИТЕЛЕЙ ПО ул.ЕРДЕНА, ДОМА 207!

В соответствии с «Правилами адресации объектов недвижимости на территории Республики Казахстан» утвержденными совместным приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 22 декабря 2015 года № 783 и Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 28 декабря 2015 года №1262, область Ұлытау, г. Сатпаев, **ул. Абая Кунанбаева, д. 97 упразднен и в настоящее время присвоен порядковый номер ул.Ердена, 207.**

В связи с этим Вам необходимо подойти с электронно-цифровой подписью (ЭЦП), в здание акимата Сатпаева по адресу: пр. академика Каныша Сатпаева, 108, для получения справки адреса с последующей подачей на корректировку через НАО Сатпаевского городского отделения по обслуживанию населения некоммерческого акционерного общества «Государственная корпорация Правительство для граждан».

По вопросам обращаться по адресу: г. Сатпаев, пр. академика Каныша Сатпаева, 108, в здание акимата контактный номер: 8/71063/ 3-31-76.



«ҚАНЫШТЫҢ ІЗІМЕН» КЕРУЕН КЕЛДІ

Халқын өзінен биік қойған, ел аузында аңызға айналған кемеңгер әрі ғұлама, есімі әлемге әйгілі қазақтың алғашқы академигі Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына биыл – 125 жыл. Қазақ ғылымының шамшырағына айналған ғалымның мерейлі тойы есте қаларлықтай аталып өтілуі тиіс. Осы мақсатта Баянауылдан атарылтқан «Қаныштың ізімен» экспедициясы Ұлытау жеріне табан тіреді. Өңірдің шығармашыл жастарынан жасақталған экспедицияның басты ұйымдастырушысы Павлодардағы «Шаңырақ» облыстық халық шығармашылығы және мәдени-сауық қызметі орталығы.

Дүбірлі шараға «Тірі тұрғанда – қазаққа қызмет етпей қоймаймын», – деген алаштың ұлы Әлихан Бөкейханұлының ұранын ту етіп, ұлтқа деген махаббат жүрегіне от салған жалынды жастар жиналды. Баянтаудан Ұлытауға бет алған топ ғұлама ғалымның аяғы тиген жерлерді аралап, тың ақпараттар жинады. Ондағы көздегендері Қаныш атаның тұлғалық қасиетін жан-жақты ашып, тереңнен тани түсу, келер ұрпаққа насихаттау.

Дүйсенбіден сейсенбіге қараған түн жарымда құтты қонақтарды кеншілер шаһарына кіреберістегі қақпа алдынан әндетіп, сәндетіп күтіп алып, қонақжайлық танытқан қаламыздың зиялы қауым өкілдері экспедицияны Қарсақбай кентіне бағыттап жіберді.

– Қанышты Қаныш қылған Жезқазған жері екенін білесіздер. Бұл өңірдің бар қазынасы мен байлығының көзін ашқан Қаныштың екінші еліне қош келдіңіздер! – деп Өтеш Ахметов ақсақал ақ батасын берді.

Сейсенбінің ақ таңын Қарсақбайда қарсы алған жастар ауылдың таза ауасын жұтып, тұнық суын ішіп, Қаныш атаның табаны тиген топыраққа аунап, көркем табиғатымен қуаттанғаны хақ. Кентті 1912 жылдары ағылшын көпестері осы өңірдегі мыс кендерін игеру үшін салған. Ол жерде ғалымның 15 жыл тұрған үйі бар. 1969 жылы мұражай ретінде ашылған болатын. Онда жеке заттарына қоса ұрпақтары жинақтаған 4000-ға жуық жәдігер орын тепкен. Үлкен шаңырақ болып табылатын мәдениет ошағына бас сұққан жастар тарихтанымдық орынды алаңсыз аралады.

Экономиканың нақты секторында өнеркәсіп негізін Қазақстандағы түсті металлургияның қарашаңырағы Қарсақбай металлургия зауыты құрайды. Зауыт негізінен «Қазақмыс» корпорациясының тапсырысына сәйкес шойын өнімдерін өндіреді, кент аумағын ауыз сумен, жылумен, отынмен қамтамасыз етеді. Ғасырлық тарихтың куәсі болған, жасампаз еңбектің ескерткіші іспеттес әрбір көшелер мен европалық үлгіде салынған үйлер, бүгінгі күнге дейін сақталып қалған өндірістік ғимараттар, Жосалыдан кірген керуен жолының ағаш көпірі қонақтардың көңіл



төрінен орын алғаны анық.

Түске таман Сәтбаев қаласына бет алған экспедиция жолай Жездіге бұрылды. Мекен Төрегелдин атындағы тау-кен және балқыту ісі тарихы музейінің ұжымы ашық аспан астында ақ дастархан жайып, дархан көңілмен құшақ жайды. Мұражай директоры Зейпін Қазанбаева мекеме алаңындағы құнды экспозициялар туралы әңгіме өрбітті.

Жездіден үлкен әсермен желпініп шыққан жастар сол екпінмен Сәтбаев қаласына жетіп, орталық алаңда орналасқан Қаныш атамның ескерткішіне тәу етті. Мұнан соң №9 мектептегі Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-музейін аралап, қалың жұртшылықпен жүздесті.

– Біз бар ғұмырын халқының игілігіне арнаған алып академик, кемеңгер тұлғаның жарық дүние есігін ашқан күнін әр жыл сайын айрықша сипатта атап өтеміз. Өзінің есімі берілген қалада Қанекеннің құрметіне арналған маңызды шаралар мен игі бастамалар үздіксіз жалғасын тауып келеді екен. Осы үрдістің ешқашан үзілмеуін тілейміз. Ұрпақ жадында қалар істерді ілкімді жүзеге асыру – біздің басты мақсатымыз. Келешегінің кемелдігіне сеніммен қарап, биік мақсаттарға талпынған адам үлкен нәтижелерге қол жеткізеді анық. Сол себепті, жастар үшін бұл сапардың маңызы зор. Ұрпақ еншісіне өшпес мұра, сарқылмас қазына қалдырған Қаныш есімін дәл осылай ұлықтау – ұтымды шешім деп ойлаймын, – деген ойымен бөлісті Баянауылдағы академик Қ.Сәтбаевтің мемориалдық музейінің директоры Қайыргелді Абылғазин.

Баянауылдық жастар өнер қоржынын ақтарып, сәлем-сауқатын сәулелі сөзбен жеткізіп, елдің бәрін ұйыстырды. Ұлытау облыстық «Ұлар» әдеби клубы ақындарымен бірлесіп поэзия жайлауынан шашу шашты. Сазсырнай мен домбыраға қосылып, әсем өнмен өрнек салды. Назды жырлар жүректен жүрекке жетіп, әдемі әуендер көрерменнің көңіл қосын көтерді. Ақ тілектер армансыз ақтарылған мезетте қоштасатын сәт те келіп жетті. Танымы терең, қарымы кең жастардан құралған экспедициямен енді Баянауылда кездесуге уәделесіп, қимай қоштастық.

Мейрамгүл САЯЖАН.
Суреттер автордікі.

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген. 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 1012 Заказ

Газет «АСУ» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы:
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.